«Сейфуллин оқулары - 11: Жастар және ғылым» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения - 11: Молодежь и наука».** – 2015. – **Т.1, ч.3**. – Б. 240-242

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жоламанова А.Қ.

ҚР «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделді. Бұл міндеттерді шешу үшін оқытушының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге жол ашады. Бұл болашақ маманның ой өрісін кеңейтіп қана қоймайды, білім деңгейін көтеруге үлкен үлесін қосады. [1]

Елімізді дамыту мақсатының басымдылық бағытына – білім мен тәрбиеге қол жеткізу мәселесі жатады. Білім берудің бүгінгі жүйесін құру тәрбие мен оқытуға деген дұрыс көзқарасты қалыптастыруды қажет етеді. Білім мен тәрбие өз деңгейінде берілмесе, болашаққа кері әсерін тигізері сөзсіз.[2]

Қоғамның техникалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуі, адами капиталды дамыту - білім беру сапасын арттырудың басты факторы болып табылады. Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы, жеке тұлғаның жалпы коммуникативті мәдениетін қалыптастыруда білімнің халықаралық дәрежесінің жоғарлауына байланысты білім беру жүйесінде, сондай-ақ оның мазмұны мен оқыту технологиясында да көптеген талаптар мен өзгешеліктер енуде. Қоғамда болып жатқан мұндай өзгерістердің білім беретін оқу орындарына әсері білім үрдісіне ізгілік және демократиялық бағыттарды енгізуді қажет етуінен айқын көрінеді. [3]

Сондықтан бүгінгі педагогикалық білім берудің мақсаты мен мазмұны қазіргі заманауи талапқа сай білім беру жүйесін реформалау арқылы жоғары кәсіби педагогикалық білім жүйесінің құрылымдық және мазмұндық өзгертілуін талап етеді.

Болашақ оқытушылар білім алушы бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқауға үйреніп, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беру, ары қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керектігін, көмектесу қажеттігін ұғына білу керек. Бұл үшін, әрине болашақ маманның өзі де өзгеруі, яғни дәстүрлі оқытудың кейбір әдет - ғұрыптарынан арылуы тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір оқытушы өзінен бастағаны жөн. Оқытушы білім алушыға білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, аупараттық технологияларды оқытуда қолдануға үйрете білуі тиіс. Қазіргі заманда

жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет еліміздің дамуы барсындағы бірден-бір міндетке ие. Яғни, ақпараттық технологиялардың білім беруде маңызы зор. Өйткені ол оқытушылар мен білім алушыларға үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді.

Білім беруде процесінде оқытушы білім алушылардың жас ерекшелігін негізге алып қана қоймай, ақпарттық технологияларды қолдна берілген тапсырамаларды да меңгере алатындай етуі тиіс. Яғни сұрақтарға дұрыс жауап іздей алатындай етіп қою керек. Сол кезде ақпараттық технологияларды қолдана отырып күтілген нәтижеге қол жеткізеді.

Қазіргі ашық ақпараттық қоғам ретінде дамуы білім беруде оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалануды қажет етеді. Қазіргі қоғамның техникалық даму жағдайда білгірлікті аса қысқа уақытта меңгеру, білім беру мекемелеріне қойылатын талаптар негізінен білім алушылардың білім сапасын арттыруға, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Елімізде білімберу процесінде жыл сайын өзгерістер болып тұратыны анық. Түрлі ұйымдастыру әдістері және формалары арқылы оқытушылар білім алушыларды даярлауда ақпараттық технологияның қолданысы олардың белсенділігін арттырып, өзін-өзі жетілдіруі қалыптасды. Белгілі ғалымдар ақпараттық технологияларды қолдануда білім алушыларға техникалық білім берудің тиімділігін қарастырған, яғни «кәсібилілігі» мен «танымдылығы» т.б.

Заманауи талаптарға сай қажеттілік негізінде сабақты ақпараттық технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу – оқытушының кәсіби шыңдалуына, білім алушыларды дамуына жан – жақты көмектесіді. Болашақ ұрпақтың өркениетті өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жас мамандардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. [4]

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 15.08.2007ж. (2011.24.10. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. – 52 б.

3. А.Ерболатов Жаңа ақпараттық технология. // Информатика негіздері, №2, 2010ж.

4. Интернет желісі, http://baq.kz/kk/regional_media/post/31784

5. "Science and world ", «Наука и мир», 2014, № 6, часть 2, K.Zh.Ibraeva [1], R.Omarova [2], M.Yessekeshova [3], B.Abenova [4], G.Seixan [5], L.Danilova[6], E.Kochkorbaeva[7], B.Kairgalieva[8] THE INFLUENCE OF ETHNOPEDAGOGICAL EDUCATION ON THE PERSONAL PROFESSIONALISM FORMATION, 2308-4804, импакт-фактор - 0,325

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к.,доцент М.Д.Есекешова